

Бекітілген

ЦИКЛОГРАММА
Қаңтар айы I апта(27.12-31.12)
«Балапан» ортаңғы тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.Денсаулық Дене шынықтыру-1 2. Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0,5	Сейсенбі 1.Денсаулық Дене шынықтыру- 1 2.Қатынас Сөйлеуді дамыту-1 3.Таным Жаратылыстану-1	Сәрсенбі 1.Шығармашылық Жапсыру-0,25 2.Қатынас Орыс тілі-0,5	Бейсенбі 1.Шығармашылық Музыка-1 2.Денсаулық Дене шынықтыру-1 3. Вариативтік комп. «Ойна да, ойла» -1	Жұма 1.Таным Математика негіздері-1 2. Шығармашылық Сурет салу-1
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау . Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 3 <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Суретші қай жерде қателесті?»</i> Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады. <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека № 9 <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Құстарға көмек береміз»</i> Мақсаты: Балалар Құстарды атап, өз ойын айта алады. <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека № 5 <i>Құрлымдалған ойын: Қайсысы қайда тіршілік етеді.</i> Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтай алады. <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека № 6 <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Кімге не керек»</i> Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып атай алады. <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека №4 <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Экологиялық бағдаршам»</i> Мақсаты: Балаларды табиғат сұлулығын көріп, оны қорғай білу туралы түсінеді <i>4К моделі, бала үні.</i>
ӘЛЕУМЕТ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫ					
Таңертеңгі гимнастика	Қаңтар айының I –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Шынықсаң шымыр боласың, Сауығып айдай толасың. Спортты серік ете біл, Жақсы азамат боласың.				
Таңғы ас	Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Балалардың дұрыс отыруын қадағалау. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.				

Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Шаттық шеңбер Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз Бала үні.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1. Дене шынықтыру. Педагог жоспары бойынша 2.Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Шырша және қайың Мақсаты: Ағаштар туралы туралы түсінеді, ағаштардың түрлерін танып, атауға үйренеді. Ресурстар: Ағаштар суреті Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ жүргізілу барысы Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері: «Мейірімді жүрек» Шарты: Балалар үлкен шеңбер құрып тұрады.Бір біріне жақсы тілектер тілейд. Бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын. «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Күн жылыңса киінеді, Суытса шешіті киімді. Жел соқса тербеледі, Желге күш береді. (Ағаш) -Балабақша ауласында қандай ағаштар бар?	1.Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша. 2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Бөлме гүлдері Мақсаты:Балалар гүлдер туралы түсінеді. Олардың түрлерін ажырата білуге үйренеді. Ресурстар: Гүлдер суреті, бөлме гүлдері, гүл отырғызғыш. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ жүргізілу барысы Шаттық шеңбері. «Балабақша» әні Ой дамыту. Үдеріс арқылы саралау. (Табиғат туралыбейне материал) Ширату әдісі -Балалар, бейнематериалдан не туралы көрдіңдер? -Дұрыс,ал бұның бәрін ортақ сөзбен не деп атаймыз? -Табиғат деген не? -Өсімдіктер, гүлдер қандай табиғатқа	1.Жапсыру. Тақырыбы: Гүл Мақсаты: Төртбұрыштардан дөңгелек пішін қиюға үйренеді. Бөліктерді ұқыпты желімдеуге үйренеді. Ресурстар: Түрлі-түсті қағаздар, желім,ақ қағаз, үлгі Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ жүргізілу барысы Шаттық шеңбері. "Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы. Бала,бала,баламыз, Бақшамаызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз! Бала үні. Ой қозғау. АКТ технологиясы Балаларға АКТ технологиясы арқылы аналар мен әжелеріміздің туған күндеріне арнап жасалған ашықхаттар және слайд көрсету. Пед жет ойын: «Қандай түсті гүлдер?» Шарты: Көрген гүлдердің түстерін атау.	1.Музыка Педагог жоспары бойынша 2. Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша 3. Вариативтік бөлім Ойнада,ойла. Тақырыбы:Байқап қал. Мақсаты.Заттарды бір көргенен есте сақтап айта алады. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. 4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Қимылды ойын: « Аңшылар мен қояндар » Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. Командада жұмыс, сыни ойлау. Балаларды мадақтау.	1. Математика негіздері Тақырыбы: Заттарды топтау, бөлу Мақсаты: Біртекті заттардан топтар құрастырады және оның біреуін топтан бөлуге үйренеді. Ресурстар: Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ жүргізілу барысы Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбер. Армысың, алтын күн! Армысың, көк аспан! Армысың, жер ана! Армысың, жан досым! Балалардан жыл мезгілін, ай атын, апта күнді сұрау. Бала үні. Қызығушылықты ояту Тосын сәт Телефон шырылдайды. Орманшы атай Саламатсыздар ма балалар, ормандағы ақ қоянды, қу түлкі ұстап алып көп тапсырма берді, егер тапсырманы орындамасаң жеп қоям диді. Сендердің көиектерің керек. Тапсырманы телефон арқылы жібердім. Ой қозғау. Қоянға көмек

Терезеден бақылау. Ағаштардың қысқы тіршілігіне назар аудартады. -Ағаштардың қандай пайдасы бар? Сыни ойлау, бала үні. Суретпен жұмыс. Суретке назарларын аударып Қайың. Шыршамен таныстыру. АКТ технологиясын пайдалану Қайың, терек, шырша ағаштарын салыстырып, айырмашылығын атау Мазмұн арқылы саралау, 4К моделі, бала үні. Пед жет ойын: «Жылдам ағаш түрлерін ата» (доппен) Шарты: Допты қағып алған бала ағаш түрлерін атау керек. Сергіту сәті Ойын түрінде. «Шырша, бүршік, қоян» Шарты: «шырша» дегенде қолды екі жаққа созу, «бүршік» дегенде отыра қалу, «қоян» дегенде секіру керек. Құрлымдалған ойын: «Бөліктерін тап» Шарты: Қиылған суреттерден әр ағаштың өз бөлігін тауып құрастыру. 4К моделі, бала үні. Қорытынды. Өлең жолы арқылы қорытындылау. Бұтақтарды сындырмай, Ағаштарды баптайық. Құстарды да атпайық,	жатады? Гүлдер қайда өседі? -Бөлмеде өсетін өсімдіктерді не деп атаймыз? -неге оларды бөлме өсімдіктері деп атаймыз? 4К моделі, бала үні. Бөлме өсімдіктері туралы ақпарат беру Ұқсастыға мен айырмашылығы олардың пайдасы және қандай күтім қажет екендігі туралы, Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы Сергіту сәті: «Гүлдер» әні (сәйкес қимыл-қозғалыстар орындау) Практикалық жұмыс: Пед жет ойын: «Гүлдерді күтеміз» Шарты: Табиғат бұрышындағы гүлдерге күтім жасау жолдарын ретімен айту.  Сыни ойлау, бала үні. Құрлымдалған ойын: «Құралдарын ажырат» Шарты: Әр түрлі заттардың ішінен гүлдерге қажет құралдарды ажыратып гүлдің қасына жинау. Кері байланыс: Оқу	Ой дамыту. Балалар әжелерімізге, аналарымызға арнап гүл туған күнге гүл жасап береміз бе? Сыни ойлау, бала үні Балаларға гүлдің жасалу ретін және үлгісін көрсету. -Гүлді қараңдаршы. -Гүлдің пішіні қандай? -Түсі қандай? -Сабағы мен жапырақтары қандай? Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Сергіту сәті: Біз гүлдерше өсеміз Жапырағы жайқалған Сабақтары салалы Желге ырғалып шайқалған Балалардың өз бетінше жұмысы. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креативтілік дағды, бала үні. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмыстарын тақтаға ілдіртіп, жапсырған жұмысына байланысты сұрақтар қою. Қорытынды. Балаларға жұлдызшалар тарату арқылы қорытындылау. 2. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша .			1-тапсырма . Пед жет ойын: «Атын ата» Шарты: Суретте ең көп бейнеленген қандай зат? Бір-бірден салынған заттың аты қандай? Коммуникативтілік дағды, сыни ойлау. 2-тапсырма Пед жет ойын: «Салыстыр» Тақтадағы заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші) салыстыру Сыни ойлау, бала үні. Сергіту сәті Оңға қарай иілдік, Солға қарай иілдік, Бір отырып, бір тұрып, Бәріміз бір сергідік. 3- тапсырма Құрлымдалған ойын: «Ретімен қою» Шарты: сөреге 2 аю, ал жоғарғы сөреге 3 қоян қою. Ашық сұрақ «Аю қанша? Қоян нешеу? Қайсысы көп (аз): аю ма, әлде қоян ба? 2аз ба, әлде 3 аз ба? Олардың санын тең болуы үшін не істеу керек?» 4К моделі, бала үні. 4-тапсырма Құрлымдалған ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: Балалардың заттарды көрсетіп салыстыру, үстінде, астында деген түсініктерін дамыту Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні Жасаған тапсырманы орманы атайға телефонмен жіберу. Қорытынды. Сұрақтар ілмегі арқылы
---	---	---	--	--	---

	<i>Табиғатты сақтайық! Бала үні. Балаларды мадақтау</i>	қызметін толық түсінген бала күннің суретін іледі, жартылай түсінген бала күн мен бұлттың суретін іледі, ал оқу қызметін түсінбеген бала сұр бұлт түсті суретін тақтаға іледі. Мақтау, мадақтау: Балаларға жұлдызшалар тарату арқылы мадақтау. 3. Жаратылыстану Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері Мақсаты: Гүлдің бөліктерін атай білуге үйренеді. Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығы артады. Ресурстар: Гүлдер суреті. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ жүргізілу барысы Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым Арайлап атқан күнге. Бала үні. Ой дамыту. Балалардың назарын топтағы бөлме гүлдеріне аудару. -Мыналар нелер? -Дұрыс, бұл бөлме гүлдері. Бөлме өсімдіктері туралы сұрақ жауап. Пед жет ойын: «Қандай гүл?» Шарты: Қазір мен бір			қорытындылау. 2. Сурет салу Тақырыбы: Гүлдер Мақсаты: Саусақпен гүлдердің сурет салуға үйренеді. Қолданылатын көрнекі құралдар: ақ қағаз, түрлі түсті бояу, губка, ермексаз ,үлгі Ресурстар: Ағаштар суреті Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ жүргізілу барысы Оқу қызметінің барысы: Ұйымдастыру. «Амандасу.» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керектігін айтамын. Барлығымыз бірдей амандасамыз. -Бастаймыз: көзбен, баспен, қолмен, иықпен, аяқпен, кеудемен. Суретпен жұмыс. Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсыңдар? Дұрыс гүл. -Ендеше үлгіге қарап гүлдің суреттерін салайық. Екі топқа бөлінеміз 1- топ.. Ұнаған түсті таңдау. Саусақпен гүлдің сурет салу. Губкамен жапырақтың ішін бояу. 2- топ Ермексазбен гүлдің бейнесін жасау Бағыт беру. Сергіту сәті. Гүл болып өсеміз Гүл болып ашыламыз Гүл болып жайқаламыз Гүл болып жабыламыз. Жеке көмек көрсету.
--	--	---	--	--	--

өсімдікті
сипаттаймын, ал
сендер қандай өсімдік
екенін табыңдар
-Жапырақтары
сопақша, үлкен, түсі
қою жасыл.
Бұл қай өсімдік?
(Фигус гүлін көрсетеді)
Сыни ойлау, бала үні.

Ой қозғау

Мнемокесте арқылы
гүлдердің өсу жолдарын
таныстыру.



*Мазмұн арқылы
саралау, Блум
таксономиясы.*

-Бүгін сендерді жаңа
бөлме өсімдігі – хош
иісті қазтамақпен
таныстырамын.

Сергіту сәті .

Біз гүлдер ше өсеміз,
Жапырағы жайқалған,
Сабақтары салалы,
Жел күшімен
шайқалған.

Ой дамыту.

Қазтамақ гүлімен
таныстыру.
Қазтамақтың сабағы
жасыл, шырынды,
сабағының бойымен
хош иіс беретін
жапырақтары өседі
Қазтамақ – дәрілік
өсімдік . Одан дәрілік
майлар жасалады . Хош

Қорытынды.
Жұмыстарын аяқтау.
Балалардың өздеріне бағалату.
мадақтау

		иісі бөлмеге ұсақ шіркейлерді келтірмейді . <i>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.</i> Тыныс алу жаттығуы: «Гүлдердің хош иісі» -Балалар, қазтамақтың фикустан айырмашылығын қарастырайық . -Фигус қандай күтімді қажет етеді? Жапырақтарындағы шаңды немен сүртеді? -Не үшін жапырақтардағы шаңды сүртеміз? Жапырақтарды ауаны тазартады . <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Гүлдерді суарамыз»</i> Шарты: Өсімдіктерді қалай суару керектігін көрсетеді.. <i>Балалардың жұмыстарын жанама бақылау.</i> Сұрақ –жауап әдісі арқылы іс – әрекетінде алған білімдері қорытындыланады. Біз бүгін не туралы әңгімелестік? Гүлдерге суды не үшін құямыз? Ал гүлдерді қалай күтуге болады? <i>4К моделі, бала үні.</i> Балаларды мадақтау			
Серуенге	Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.				

дайындық	Киіну: Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека № 13 Торғайды бақылау. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>	Картотека № 14 Күнді бақылау. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>	Картотека № 15 Бұлтты бақылау. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>	Картотека № 16 Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>	Картотека № 19 Мұздақты бақылау. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>
	ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ. (картотека қосымша тігілген)				
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, икафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау Бұл бала қай бала Пай-пай тап-таза Ақ қаздай Киімі мұнтаздай Жарайсың балақай! Дейміз біз мадақтай <i>Бала үні</i>				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жсеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№14. 1.Ояну Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>	№16 1.Ояну Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыңдар <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>	№15. 1.Ояну Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>	№13. 1.Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>	№ 12. 1. Ояну Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>
	«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген)				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар <i>Бала үні</i>				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека №1 <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Үйдің есігін жабайық»</i> Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыр, жуан және жіңішке заттарды ажырату арқылы өз ойын айта алады. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>	Картотека №2 <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Дәл осындай пішінді тап»</i> Ойынның мақсаты: пішіндерді атайды, ажыратып, салыстыра алады. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>	Вариативтік жоспар бойынша	Картотека №3 <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Вагондарға дөңгелек таңдау»</i> Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажырата отырып, тапсырманы орындай алады. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>	Картотека №7 <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Таныс пішіндер доминосы»</i> Мақсаты: көп заттың ішінен біреуін таңдап, пішіндермен сәйкестендіреді. <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жапнай бақылау.</i>

	Таным саласы картотекасынан Жеке баламен жұмыс. Педагог жоспары бойынша. Еркін ойын. Бақылау.					
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>					
Серуен	Картотека № 13 <i>Торғайды бақылау.</i> <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жаппай бақылау.</i>	Картотека № 14 <i>Күнді бақылау.</i> <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жаппай бақылау.</i>	Картотека № 15 <i>Бұлтты бақылау.</i> <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жаппай бақылау.</i>	Картотека № 16 <i>Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.</i> <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жаппай бақылау.</i>	Картотека № 19 <i>Мұздақты бақылау.</i> <i>4 к моделі, бала үні</i> <i>Жаппай бақылау.</i>	
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ					
Балалар-дың үйге қайтуы	<i>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын, уақытында әкеулерін ескерту.</i> <i>Ата-аналарға үйдегі жиһаздар неден , қалай жасалады, сол туралы балалрмен әңгімелесуді айту.</i>					

Бекітілген

ЦИКЛОГРАММА
II апта Қаңтар айы (05.01-07.01)
«Балапан» ортаңғы тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.01 1.Таным Құрастыру -0,5 2.Денсаулық – 1 Дене шынықтыру – 1	Сейсенбі 04.01 1. Денсаулық Дене шынықтыру – 1 2. Қатынас Сөйлеуді дамыту – 1 3. Таным Жаратылыстану - 1	Сәрсенбі 05.01 1. Шығармашылық Музыка – 0,5 2. Қатынас Көркем әдебиет-0,5	Бейсенбі 06.01 1. Шығармашылық Музыка – 1 2. Денсаулық Дене шынықтыру-1 3. Вариативтік компонент «Ойна да, ойла» - 1	Жұма 07.01 1. Таным Математика негіздері 2. Шығармашылық Сурет салу - 1
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 2 Құрлымдалған ойын: «Орын тап» Мақсаты: балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын атап, суреттен таба алады 4К моделі, бала үні, жанама бақылау	Картотека №8 Құрлымдалған ойын: «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыра алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау	Картотека №10 Құрлымдалған ойын: «Танып ал да, атын ата» Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау	Картотека №11 Құрлымдалған ойын: «Затты сипаттау» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттай алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау	Картотека №13 Құрлымдалған ойын: «Не жоқ?» Мақсаты: балалар жоқ затты тауып атын атап,сипаттама бере алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау
	ҚАТЫНАС БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген)				
Танертеңгі гимнастика	Қаңтар айының II – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Шынықсаң шымыр боласың, Сауығып айдай толасың. Спортты серік ете біл, Жақсы азамат боласың.				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Ал балалар тұрайық, Мойнымызды бұрайық, Қолымызды созайық,				

	Су ішінде қалықтап, Қане жүзіп алайық, Оңға, солға бұрылып, Денемізді бұрайық Бала үні				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1. Құрастыру Тақырыбы: Жануарларларға қора жасаймыз Мақсаты: Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре алады. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы Миға шабуыл. Шаттық шеңбер. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды даламыз, Жарқырайды күніміз. Қайырлы таң балалар. Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Ата келеді. Балалардан көмек сұрайды. Үй жануарларына қора жасап беруді сұрайды. Ой қозғау. Мына суретке қараңдаршы ненің суреті? Қора неден жасалған ? Қора не үшін керек ? Сыни ойлау, бала үні. Пед жет ойын: «Қорада нелер тұрады?» Атаға көмектесу. Балаларға жануарларға қора(қоршау) қажет екендігін , оны құрастырғыштан құрайтындығын түсіндіру. Топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау.	1.Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша. 2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Үй жануарлары мен төлдері Мақсаты: Балалар үй жануарлары туралы түсінеді. Олардың төлдерін атай білуге үйренеді. Ресурстар: қуыршақ, себет, үй жануарлары, АКТ, бейнетаспа Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы Балаларды шеңберге жинау. Өлеңі: С.Асанов, әні: Ә.Бейсеуов «Қошақаным қайда екен?» әнін тыңдату. -Балалар қазір қай жыл мезгілі? -Қыста не жауады? -Қардың түсі қандай? -Сендер бақшаға қалай киініп келесіңдер? Сыни ойлау, бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Айгерім қуыршақ келеді. Балалармен амандасады. Себет әкеледі. Себеттің ішінде не бар	1.Музыка Педагог жоспары бойынша 2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсініп, рөлдерді ойнағанда кейіпкерлердің мінездерін бере білуге үйренеді Ресурстар: Ертегі кейіпкерлерінің суреттері, бетперделері АКТ технологиясы. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ жүргізілу барысы Кіріспе әңгіме; -ой қозғау. Балалар сендер қандай ертегі білесіңдер? Балалардың жауаптары. «Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегіні оқып беру. (Үстел үсті театрын пайдалана отырып, ертегі мазмұнын ашу) Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Ой дамыту. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу. -Балалар қандай кейіпкерлерді естеріңде сақтай алдыңдар? Шалқан қайда өседі?	2.Музыка Педагог жоспары бойынша	1. Сурет салу Тақырыбы: Қоян Мақсаты: Жануарлар туралы түсіне отырып, олардың ерекшелік-терін ескеріп, сурет сала алады. Ресурстар: Қоян суреті, таратпа материалдар. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы Миға шабуыл. Пед жет ойын: «Кім жылдам?» Жұмбақ жасыру: Ұзын құлақты, жылдам аяқты, Сәбізді жақсы көретін ол не? (Қоян) Ой дамыту. АКТ технологиясы «Қоян» Сұрақтар ілмегі. Қоян қандай жануар? Ол қыста қандай тон киеді? Неліктен ақтон киеді? Қоянды неге қорқақ дейміз? Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды Тосын сәт. Топқа қоян келеді: балалармен амандасады. Қоян: Балалар, мен тұлкіден қашам деп, достарымнан адасып қалдым. Маған достарымның суретін салып беріңдерші, соған қарап достарымды тауып аламын. Бала үні

	Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін өрсету, түсіндіру. 1-топ кірпіштерден қора жасайды. 2-топ лево ойыншықтарынан қора жасайды. Өнім арқылы саралау, креативтілік, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау. Сергіту сәті. Жүгіреді, жүгіреді кішкентай бұзаулар ал енді тұрады, қалай дыбыстайды мө, мө, мө Жүгіреді, жүгіреді кішкентай қозылар, ал енді тұрады қалай дыбыстайды мә, мә, мә Жүгіреді, жүгіреді кішкентай лақтар, ал енді тұрады қалай дыбыстайды бә, бә, бә. Құрлымдалған ойын: «Біздің қоралар» Галерея шарлау. Балалар бір-бірінің жұмыстарын бас бармақ әдісімен бағалайды. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. Ата қуанып, балаларға рахмет айтып қоштасады Қорытынды. Балалардың жұмысын аяқтау. Балаларды мадақтау. 2. Дене шынықтыру. Педагог жоспары бойынша	екенін білгілерің келе ме? Ой қозғау. Балалар, сендер үй жануарларына, яғни төрт түлік жануарға нелер жататынын білесіңдер ме? Ал қандай жануарлар жатады, қанеки атаңдаршы! - Дұрыс айтасыңдар, балалар! Сендер қалай ойлайсыңдар, неліктен оларды үй жануарлары деп атайды? Себеттен үй жануарларын көрсету. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, коммуникативтілік дағды. АКТ технологиясы. Балалар назарын теледидарға аудару үй жануарлары туралы слайд көрсету (оларды сипаттайды) Пед жет ойын: «Не қалай дауыстайды?» Шарты: әр жануардың дыбысын ажырата білу. Қой маңырайды Сиыр мөңірейді Жылқы кісінейді Түйе боздайды Ешкі бақырады Сыни ойлау, бала үні Сергіту сәті Тіктеп титтей құлағын Ботам былай жүреді. Сыртылдатып тұяғын, Бұзау былай жүреді Құрлымдалған ойын: «Төлін тап» Шарты: төлдерін анасының қасына қойып,	-Атай көмекке кімді шақырады? -Әжсей кімді шақырады? -Немере қыз кімді шақырады? -Күшік кімді шақырады? -Мысық кімді шақырады? -Сонымен, бәрі бірігіп не істейді? -Ендеше, балалар, осы ертегідегі кейіпкерлердің артибуттарын алып, ойынды сахналаймыз. 4К моделі, бала үні. Сахналау. Жарайсыңдар, балалар ертегі кейіпкерлерін жақсы етіп сахналадыңдар Өнім арқылы саралау, креативтілік, сыни ойлау, бала үні. Қортынды: -Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық? -Атай шалқанды қайда екті? -Шалқан жеміс па, көкөніс пе? Балаларды мадақтау. 2. Орыс тілі 3. Дене шынықтыру. Педагог жоспары бойынша		Топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. Өз еркімен топқа бөліну. 1-топ қоянды трафарет арқылы губкамен бояйды 2-топ Мақта таяқшамен бояйды 3-топ васковичь карандаштарымен қоян суретін салады. Жеке көмек. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. Саусақ жаттығуы. Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балаң үйрек сен де тұр, Ортан терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұр, Титтей бөбек қане тұр, Саусақтарым, ал жүгір. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Шарты: Балалар бір-бірінің жұмыстарын бағалайды, қоянға достарын береді. Қоян: Рахмет айтып қоштасады. Қорытынды Балалар қонаққа не келді? Ненің суретін салып бердік? -Қоян бізге риза болды ма? Бала үні. Жарайсыңдар балалар! мадақтау 2. Дене шынықтыру. Мақсаты: Төрт тағандан еңбектейді. Басына қап қойып, тепе-теңдікті сақтай отырып, жіптің бойымен жүре алады. Ресурстар: шығыршықтар, қап, жіптер. Әдіс-тәсілдер: Саралау,
--	--	---	---	--	---

		ажырата білу. Бейнероликке қарап қайталау Сыни ойлау, бала үні, коммуникативтілік дағды. Айгерім қуыршақ балалармен қоштасады. Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. - Балалар, сонымен үй жануарларына нелер жатады? - Үй жануарларының төлдерін не деп атаймыз? - Адамдарға қандай пайдасын бар? 4К моделі, бала үні. Балаларды мадақтау 3. Жаратылыстану Тақырыбы: Үй жануарлары мен жабайы аңдар Мақсаты: Үй және жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы, олардың өзіне тән ерекшеліктерін салыстыруға үйренеді. Ресурстар: АКТ, слайд, үй және жабайы жануарлар ойыншықтары Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы 1.Шаттық шеңбер Армысың, Алтын күн! Армысың, Көк аспан! Армысың, Жан досым! Жылуына жылу қос			бақылау, 4К моделі, бала үні. 1.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Жаппай бақылау. Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: (шығыршықтар) «Бұрылыс» Б.қ.: аяқ иық көлемінде алиақ, шығыршықтың екі шетінен ұстау, қол төменде. 1.Екі қолды алға созу 2.аяқты қозғалтпаған күйде шығыршықты оңға, солға бұру. 3.Б.қ. келу «Кезек-кезек» Б.қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алиақ, қос қолмен шығыршықты ұстап тұру. 1.Қос қолдағы шығыршықты оң жақта оң қолмен ұстап тұру. 2.Келесі қолға ауыстыру 3.шығыршықты сол жақта сол қолмен ұстап тұру. 4.Б.қ. келу. «Алға иілу» Б.қ.: аяқ арасы алиақ, қол төменде. 1.шығыршықты кеуде тұсында ұстау. 2.Шығыршықты жоғары көтеру. 3.Алға иілу 4.Б.қ келу «Көлік айдаймыз» Б.қ.: екі аяқ бірге, шығыршық кеуде тұсында. 1.шығыршықты алға созып, руль сияқты ұстау.
--	--	--	--	--	--

		Міне менің қолым Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? Сендер қыс мезгілінде қандай ойындар ойнайсыңдар? Қардың түсі қандай? Қардан не жасайсыңдар? - Өте жақсы, жарайсыңдар балалар. 4К моделі, бала үні. Ой қозғау. Пед жет ойын: «Жасырын сурет» Шарты: Суреттерді қардан тазалау. Балалар қараңдаршы бізге қажетті суреттерді қар басып, жасырып қалыпты. Қардан тазалау үшін жұмбақтарды шешейік. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақтарды шешіп тақтаға іледі. Бұлардың барлығын қалай атаймыз? - Неліктен үй жануарлары дейміз? - Неліктен оларды жабайы аңдар дейміз?- - Аңдар қайда мекендейді? - Қыста жануарлар немен қоректенеді? Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, коммуникативтілік дағды, жаппай бақылау. Сергіту сәті			2.Көлік айдап отырғандай шығыршықты екі жаққа бұру. 3.Б.қ. келу Тыныс алу: -аяқ арасы алыс, шығыршықты қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту. -шығыршықты кеуде тұсына әкеліп, мұрынмен дем шығару. 4 к моделі, бала үні Мазмұн арқылы саралау Тікелей бақылау Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Төрт тағандап еңбектеу. 2.Басына қап қойып, тепе- теңдікті сақтай отырып, жіптің бойымен жүру. Өнім арқылы саралау, 4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау Қимылды ойын:«Аралар» Мақсаты: балалардың зейінің,есту қабілетін дамыту. Командада жұмыс, сыни ойлау, жаппай бақылау. Балаларды мадақтау.
--	--	---	--	--	--

		Қоян шықты далаға, Жан-жағына қарады, Жүгірді, секірді, орнына отырды. Құрлымдалған ойын: "Өз мекенін тап"   Сыни ойлау, бала үні. Құрлымдалған ойын: "Жануарлардың төлін тап" Шарты: Әр жануардың өзіне сәйкес төлін табу. 4К моделі, бала үні. Қорытынды: Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау.			
Серуенге дайындық	Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту. Киіну: Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека № 1 Қарды бақылау 4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау	Картотека № 2 Аязды бақылау. 4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау	Картотека № 4 Бұршақты бақылау.. 4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау	Картотека № 5 Қыстап қалатын құстарды бақылау. 4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау	Картотека № 8 Мұзды бақылау. 4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№14. 1.Ояну Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	№16 1.Ояну Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыңдар <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	№15. 1.Ояну Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	№13. 1.Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	№ 12. 1. Ояну Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>
	«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген)				
Бесін ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека № 13 <i>Құрлымдалған ойын: «Не артық?»</i> Мақсаты: Балалар суретке қарап, артық затты тауып, оларды топтастыра алады. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	Картотека № 15 <i>Пед жет ойын: «Құстарға көмектесеміз?»</i> Мақсаты: Балалар құстар туралы түсіне отырып, оларға қамқорлық жасауды үйренеді. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	Картотека № 16 <i>Құрлымдалған ойын: «Қоянға көмектесеміз»</i> Ойын мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажырата алады. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	Картотека № 20 <i>Пед жет ойын: «Орнын тап»</i> Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтып, суреттен таба алады. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	Картотека № 21 <i>Пед жет ойын: «Балық аулау»</i> Мақсаты: Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, ойын шартын өз бетінше орындай алады. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>
	ТАНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген) <i>Жек баламен жұмыс: Педагог жоспары бойынша</i> <i>Еркін ойын. Қадағалау. Жанама бақылау.</i>				
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>				
Серуен	Картотека № 1 Қарды бақылау <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	Картотека № 2 Аязды бақылау. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	Картотека № 4 Бұршақты бақылау.. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	Картотека № 5 Қыстап қалатын құстарды бақылау. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>	Картотека № 8 Мұзды бақылау. <i>4 к моделі, бала үні, жаппай. бақылау</i>
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ				
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде, балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.</i> <i>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу</i>				

ЦИКЛОГРАММА
III апта . Қаңтар 2021ж.
Ортаңғы тобы

Бекітілген

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»
Тақырыпша. «Құстар-біздің досымыз»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 1 <i>Құрлымдалған ойын: «Жер, су, ауа»</i> Ойын мақсаты: Балалар ойын арқылы табиғат атауларын арқылы атауды, тез жауап беруді үйренеді. <i>4К моделі, бала үні, жанама бақылау.</i>	Картотека № 7 <i>Пед жет ойын: «Табиғат құбылыстарын ата»</i> Мақсаты: қар мен жаңбырды ажыратып түсінгенін айта алады. <i>4К моделі, бала үні, жанама бақылау.</i>	Картотека № 9 <i>Пед жет ойын: «Бұл қандай құс?»</i> Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттей алады. <i>4К моделі, бала үні, жанама бақылау.</i>	Картотека № 10 <i>Құрлымдалған ойын: «Үй жануарлары»</i> Мақсаты: Балалар үй жануарлары мен төлдерді ажыратып айта алады. <i>4К моделі, бала үні, жанама бақылау.</i>	Картотека № 15 <i>Құрлымдалған ойын: «Құстарға көмектесеміз?»</i> Мақсаты: Ойын арқылы балалар құстарға қамқорлық жасауды түсінеді. <i>4К моделі, бала үні, жанама бақылау.</i>
	ТАНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген)				
Таңертеңгі гимнастика	Қаңтар айының 3 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз. Ойын- жаттығу Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау Шаттық шеңбер Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1.Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Құстың ұясы Мақсаты: Құстар және олардың түрлерімен танысады. Құстың ұялары туралы түсінеді. Ресурстар: түрлі түсті қағаздар, қайшы,желем, үлгі ұя, ұнтаспа, құстардың суреттері Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Қыста ауа–райы қандай болады? - Қыс мезгілінде неше ай бар? - Кім қыс айларын атап береді? Сыни ойлау, бала үні. Қызығушылықты ояту. Пед жет ойын: «Ненің даусы?» Шарты: Ұнтаспадан құстардың дыбысын тыңдату. Балалар, бұл ненің даусы деп ойлайсыңдар? Құстың даусы Қандай құстарды білесіңдер? Құстар қайда мекендейді? Ұяда. Коммуникативтілік дағды, бала үні Ой дамыту. «Құстың ұясы» әңгімесін оқу, түсіндіру. Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақ қою	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Жыл құстары Мақсаты: Балалар құстар туралы түсінеді. Мнемотехника әдісі арқылы құс туралы әңгімелейді. Ресурстар: құстардың суреттері, желем дайын үлгілер Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбер Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын кеңге ашқан. Тілегіміз әділдік, Ашық болсын кең аспан. Достық-өмір тірегі, Әр адамның тілегі. Бала үні. Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. Слайд. Балалар экраннан не көріп тұрсыңдар? - Ал, қазір бізде далада осы құстар бар ма, сендер көрдіңдер ме? - Бұл құстар қайдан келді? - Ия, олар жылыны жақсы көретін жыл құстары. - Ал, енді күн жылынғанға дейін олар тоңып қалмау үшін не істеуге болады? Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Топқа бөлу Оқу ортасы арқылы саралау. 1-топ шығармашылық өнер орталығында құстарға ұя және жем сауытын жасайды. Балала үлгі суретке қарай	1.Математика негіздері Тақырыбы: Кеңістікте бағдарлау: «оң жақта, сол жақта, ортасында». Мақсаты: Қағаз бетінде бағдарлауды түсінеді. Заттардан геометриялық фигураларды табуға үйренеді. Ресурстар: : ақ бет,пішіндер, ойыншықтар суреттері. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбер. Армысың, шапағатты, Күн ана Армысың қайырымды, Аспан ана Армысың мейірімді, Жер ана Армысың менің достарым. -Балалар, қанеки, есімізге түсірейікші жылдың неше мезгілі бар? -Жыл мезгілдерін атаңдаршы. -Қазір жылдың қай мезгілі? Аптаның қай күні? Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? Сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау.. Өлең оқу. Аппақ, аппақ, жапалақтап, Қар жауады тынбастан. Қалың орман қар жамылған, Маужырайды түнгі аспан. -Балалар, өлеңде не туралы айтылады? Қар туралы. Бала үні. Балалар қардың артында тапсымалар бар екен, орындаймыз ба? Ой дамыту. 1-тапсырма: Құрлымдалған ойын:	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй құстары» Мақсаты: Үй құстарын атап, дала құстары мен үй құстарының ерекшеліктерін ажыратуға үйренеді. Олардың адамға тиігізер пайдасы туралы айта алады. Ресурстар: Акт, ұнтаспа, әтеш , тауық суреттері Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы 1.Ұйымдастыру көрнекі Жыл мезгілін сұрау. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қызығушылықты ояту. Пед жет ойын: «Ненің даусы» Шарты: Ұнтаспадан құстардың дауысын тыңдату. Ұнтаспадан үй құстарының дауысын тыңдату. Сұрақ- жауап. Сыни ойлау, бала үні, бақылау. Ой дамыту. Суретпен жұмыс Үй құстары. -Әтеш пен тауықтың суретін көрсетіп, олардың дене бітімі, ұқсастықтары мен ерекшелігі туралы сұрақтар қою. -Әтеш қалай дыбыстайды? - Ал, тауық ше? -Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз? -Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар? Мазмұн арқылы сараалу, 4К моделі, бала үні Ой қозғау. АКТ технологиясын пайдаланып үй құстарын тамашалау.	1.Сурет салу Тақырыбы: Тотықұс Мақсаты: Құстың үлгісі бойынша пішінін, түсін ескере отырып, трафарет арқылы бейнелей алады. Ресурстар: түрлі түсті карандаштар. үлгі Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы «Кубизм» әдісі Жыл мезгілі Ой дамыту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр» Жұмбақ шешу. Сөйлесе сөзді, Айтса ауызды, Тынысы басқа, Маңдайы қасқа. Тоты құс АҚТ технологиясы Тотықұс туралы түсінік беру. Бұл ненің суреті? Тотықұс қандай құс? Түсі қандай? Балалардың жауаптары. Ой қозғау. Балалар, сендерде осындай әдемі тоты құс болғандарын қалайсыздар ма? Сыни ойлау, бала үні Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Жеке көмек. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креатив-
---	--	---	---	---	---

